

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 19 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 қыркүйекте № 5790 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 11 қарашадағы № 22 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 11.11.2020 № 22 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының, 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 4 қыркүйек 2020 жылғы № 08-02-07/269 ұсынысы негізінде, Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жуантөбе ауылдық округі, Жақсыбайұлы көшесі № 8 үйдің тұрғыны Сейдірахым Шадиар Мадиярұлын тырнаған түлкінің бас миының сынамасы "кұтыру" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе ауылынан 65 шақырым жерде орналасқан жайылым аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Созақ ауданының Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық

жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Жуантөбе ауылдық округінің әкімі*

*Д. Абраев*